

2009 жылы Алматы қаласында жұмыссыздарды қоғамдық жұмыстарға жіберу туралы

Күшін жойған

Алматы қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 29 желтоқсандағы N 6/1019 қаулысы. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2009 жылғы 4 ақпанда N 809 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласының әкімдігінің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 1/67 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласының 2010 жылғы 1 ақпандағы № 1/67 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Жергілікті мемлекеттік басқару туралы" және "Халықты жұмыспен қамту туралы" заңдарын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы "Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" заңын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы" N 836 қаулысын басшылыққа алып, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2009 жылға арналған ұйымдардың және қоғамдық жұмыстардың түрлері мен көлемінің ұсынылған тізбесі бекітілсін.

2. Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына жұмыс берушілермен қоғамдық жұмыстарды орындау туралы шарттар жасасуға өкілеттік берілсін.

3. Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы қала бюджетінің 2009 жылға арналған қоғамдық жұмыстарын өткізуге қарастырылған қаражат шегінде жұмыссыздарды қоғамдық жұмыстарға жіберуді жүзеге асырсын;

қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздардың еңбекақысын төлеу екінші деңгейдегі банктердегі жеке есеп шоттарына аудару арқылы жүргізілсін.

4. Қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыз азаматтардың еңбекақысы ең төменгі екі айлық жалақы мөлшерінде белгіленсін.

5. Алматы қаласы әкімдігінің 2007 жылғы 27 желтоқсандағы "2008 жылы жұмыссыздарды қоғамдық жұмыстарға жіберу туралы" N 10/1245 қаулысының күші жойылды деп танылсын (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 765 болып тіркелген, "Алматы Ақшамы" газетінің 2008 жылғы 10 қаңтардағы N 10 санында, "Вечерний Алматы" газетінің 2008 жылғы 14 ақпандағы N 20-21 санында жарияланған).

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің бірінші

орынбасары М.Ш. Мұқашевқа жүктелсін.

7. Осы қаулы ресми түрде бірінші жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күннен соң күшіне енеді.

Алматы қаласының әкімі А. Есімов

Алматы қаласы әкімдігінің
2008 жылғы 29 желтоқсандағы

№ 6/1019 қаулысымен бекітілген

**Алматы қаласындағы ұйымдардың,
қоғамдық жұмыс көлемдері мен түрлерінің 2009 жылғы
ТІЗБЕСІ***

N	Жұмыс түрлері	Жұмыс істейтін адам саны	Ұйымдар
1.	Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық ұйымдарына аумақтарын жинауға көмек беру	1487	Алматы қаласы Алатау, Медеу аудандарының әкімі аппаратының коммуналдық шаруашылық бөлімі, "Алтын қада" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, "Ісмер" үй-жай иелері кооперативтерінің ассоциациясы, Алматы қаласы Әуезов, Бостандық, Түрксіб аудандарының әкімі аппаратының көріктендіру бөлімдері, Алматы қаласының үй-жай иелері кооперативтерінің ассоциациясы, "Туран" пәтерлер меншік иелері кооперативінің қауымдастығы, "Жетісу" үй-жай меншік иелері кооперативтерінің қауымдастығы және тағы басқалар.
2.	Құрылыс және жол жөндеу	97	Жол пайдалану учаскелері және тағы басқалар.
3.	Өңірлік экологиялық сауықтыру (көгалдандыру және көркейту)	144	"Жасылжелек құрылыс" акционерлік қоғамы, "Тәртіп" акционерлік қоғамы және тағы басқалар.
4.	Өңірлік қоғамдық науқандарды ұйымдастыруға көмек көрсету	1173	"Қазақ тілі" қоғамдық бірлестігі, "Қорғаныс істері жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесі, Алматы қаласы аудандарының әділет басқармалары, құқық қорғау органдары мен ерікті халық жасақшыларына жәрдемдесу қоғамдық қоры, жергілікті өзін-өзі басқару комитеттері, Алматы қаласы аудандарының көші-қон полиция басқармалары, "Правопорядок-Т" қоғамдық қоры және тағы басқалар.
5.	Қарт азаматтар мен мүгедектерге күтім жасау, балалармен жұмыс	850	"Алматы қаласы "Алатау" мүгедектер қоғамы" қоғамдық бірлестігі, Жоғары білімі бар мүгедектердің қоғамдық бірлестігі "Намыс", Алматы қаласы

	жасау және басқа да әлеуметтік қызмет көрсетуге байланысты жұмыстарды жүргізу		<p>әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Еңбек биржасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны, Алматы қаласы әкімдігі жастар саясатын дамыту мемлекеттік қоры, "ЖҚТБ-ның алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі орталығы" мемлекеттік мекемесі, "Қазақ соқырлар қоғамы" қоғамдық бірлестігінің Қазақстан Республикасындағы Алматы филиалы, Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхана мемлекеттік мекемесі, "Көмектес" көз мүгедектігі бойынша қоғамдық қайырымдылық қоры, "Арман" бос уақытты тиімді өткізу орталығы, "Дана" отбасын әлеуметтік қолдау орталығы, "Доверие плюс" қоғамдық қоры, "Ақпараттық-ресурстық орталығы" қоғамдық қоры, "Эльдани" балалар қайырымдылық қоры, Түркісіб аудандық "Мүгедектер ерікті қоғамы" қоғамдық бірлестігі, "Қазақтың соқырлар қоғамының эксперименталдық кәсіпорны " жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, "Қазақ соқырлар қоғамының қоғамдық бірлестігінің Алматы оқу – өндірістік кәсіпорны N 2" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Түркісіб аудандық қайырымдылық қоры, Түркісіб ауданы Көпбалалы отбасылар одағы және тағы басқалар.</p>
6.	Басқалар	249	
	БАРЛЫҒЫ	4000	

* Жұмыс түрлеріне қатысатын адам саны, қатысу ұзақтығы сұраныс пен ұсынысқа қарай қоғамдық жұмыстарды өткізуге 2009 жылы қала бюджетінде қарастырылған қаражат шегінде өзгеруі мүмкін.

Жұмыссыздарды қоғамдық жұмыста пайдаланатын ұйымдар қосымша ақы төлей алады. Қолданыстағы халықты жұмыспен қамту заңнамасының қоғамдық жұмыстарда еңбекке ақы төлеу бөлігінде өзгерістер болған жағдайда еңбекақының мөлшері өзгеруі мүмкін.